
ЖАСЫЛ ДАМУ

ЕСЕП

2025 жылға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру барысы туралы



Ресми сайт: recycle.kz
@zhasyl_damu

Астана қ., - 2026 ж

Кіріспе

Осы есепті «Жасыл даму» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 46, 47-тармақтарына сәйкес дайындады.

«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері және «Оператор РОП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 20 қаулысына сәйкес, мемлекеттің 100% қатысуы бар ұйым болып табылатын Қоғам өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің (бұдан әрі – ӨКМ) операторы болып айқындалды. 2022 жылғы 18 қаңтарға дейін ӨКМ қағидатын іске асыруға жауапты ұйым жеке меншік нысанындағы «Оператор РОП» ЖШС болған.

ӨКМ-ді іске асыру бойынша функцияларды Қоғамға беру кезінде ӨКМ операторының ұйымдық-құқықтық нысаны да, меншік нысаны да өзгерді. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысаны мен мемлекеттік меншік нысанына қойылатын талаптар нормативтік-құқықтық база ӨКМ-нің мемлекеттік операторы мәртебесіне сәйкес келтірілгенге дейін кейбір міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келді. Сонымен қатар, Қоғамның ӨКМ операторы қызметінің барлық бағыттары бойынша толыққанды жұмыс істеуі үшін нормативтік құқықтық актілер иерархиясының барлық деңгейіндегі құжаттарға, соның ішінде заңдар мен кодекстерге өзгерістер енгізу талап етілді, бұл ұзақ мерзімді көпдеңгейлі келісу процесін білдіреді. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі – НҚА) жүргізілген талдау қорытындысы бойынша, ӨКМ операторы функцияларын іске асыру кезіндегі қайшылықтар мен кедергілерді жою мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Кодексе және басқа да НҚА-ларға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар жіберілді.

Осы есепте келтірілген мәліметтер нормативтік-құқықтық базаны алдын ала дайындау қажеттілігінен туындаған қызметтегі шектеулерді ескере отырып, Қоғам атқарған жұмысты көрсетеді.

Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін айналымға шығарылған өнімдер мен олардың қаптамалары туралы мәліметтер

Кодекстің 386-бабының 1-тармағына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар мұндай өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге міндетті.

Кодекстің 386-бабының 2-тармағына сәйкес, Кодекстің 386-бабының 1-тармағында көрсетілген өндірушілер мен импорттаушылар ӨКМ-ді мынадай тәсілдердің бірімен орындайды:

1) қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану;

2) ӨКМ операторымен қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеудің, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ӨКМ-ді іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім беру және ӨКМ операторының банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде ақша салу.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – ЭГТРМ) 2022 жылғы 9 қарашадағы № 689 бұйрығының 1-тармағына сәйкес, олар бойынша мұндай өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесі бекітілді.

Кәдеге жарату төлемдері

Қағидалардың 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, өндірушілер мен импорттаушылардың кәдеге жарату төлемін төлеуге өтінім (бұдан әрі – өтінім) беруі және кәдеге жарату төлемі төленгені туралы сертификатты (бұдан әрі – КЖТТС) алуы ӨКМ операторының интернет-ресурсы арқылы немесе қағаз тасығышта жүзеге асырылады.

2025 жыл ішінде барлық өтінімдер app.recycle.kz ақпараттық жүйесі арқылы берілді. 2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында ӨКМ операторы Қазақстан Республикасына импортталған және Қазақстан Республикасында өндірілген көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ) мен өздігінен

жүретін ауыл шаруашылығы техникасы (бұдан әрі – ӨЖАШТ) үшін 375 520 КЖТТС берді.

№1 кесте

КҚ және ӨЖАШТ импорты мен өндірісі бірліктерінің саны, дана

Санат	Импорттаушылар	Өндірушілер	Барлығы
M1	154 948	162 979	317 927
M1G	12 867	348	13 215
M2	203	703	906
M2G	52	73	125
M3	615	2 526	3 141
M3G	16	69	85
N1	5 041	2 559	7 600
N1G	2 381	2 441	4 822
N2	1 377	597	1 974
N2G	63	1	64
N3	14 015	1 502	15 517
N3G	328	1 333	1 661
КОМБАЙН	93	1 176	1 269
ТРАКТОР	418	6 796	7 214
Барлығы	**192 417**	**183 103**	**375 520**

Сонымен қатар, ӨКМ қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) және қаптамалардың 466 096 позициясын қамтитын өнімдер (тауарлар) үшін 30 208 КЖТТС берілді.

№2 кесте

Кәдеге жарату төлемдері төленген өнімдер (тауарлар, қаптама)

Өнімнің (тауардың) атауы	Салмағы, тонна
Аккумуляторлық батареялар, оларға арналған сепараторларды қоса алғанда	11 279
Жазуға, басуға немесе басқа да графикалық мақсаттарға пайдаланылатын, борланбаған, қолмен құйылып жасалған қағаз және картон	0,0009
Газеттер, журналдар және өзге де мерзімді басылымдар, суретті немесе суретсіз, жарнамалық материалы бар немесе жоқ	0,299
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар	128 323
Электрлік қыздыру немесе газразрядты шамдар, оның ішінде герметикалық бағытталған жарық шамдары, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызыл шамдар; доғалы шамдар, құрамында сынабы бар шамдар	61
Мұнай және мұнай өнімдері (шикі мұнайдан басқа)	148 804

Полимерлі, шыны, қағаз, картон, металл қаптама, аралас материалдардан жасалған қаптама	184 380
Пластмассадан жасалған асханалық және ас үйлік ыдыстар, асханалық және ас үйлік аспаптар, басқа да үй тұрмысына арналған заттар және гигиена немесе дәретхана заттары	4 659
Өзге де химиялық өнімдер	459
Кішігірім ақпараттық электрлік және электрондық жабдықтар	2 938
Шағын габаритті электрлік және электрондық жабдықтар	41 316
Экрандармен және мониторлармен жарақталған электрлік және электрондық жабдықтар	8 565
Құрамында жылу тасымалдағыштары бар электрлік және электрондық жабдықтар	76 117
Ірі габаритті электрлік және электрондық жабдықтар	70 997
Барлығы	**677 899,30**

Кәдеге жарату төлемдерінің түсімдері мынаны құрады:

- КҚ өндірісі мен импортынан – 333 747 млн теңге;
- ӨЖАШТ өндірісі мен импортынан – 21 183 млн теңге;
- ӨКМ қолданылатын өзге де өнімдер (автокомпоненттерді, қаптаманы, электрлік және электрондық жабдықтарды және т.б. қоса алғанда) үшін – 20 504 млн теңге.

Кәдеге жаратуға жататын қалдықтардың көлемі туралы мәліметтер (қалдықтар құрамындағы әрбір компонент бөлінісінде) және іс жүзінде орындалған көлемнің көрсеткіші

Кодекстің 323-бабының 4-тармағына сәйкес, қалдықтарды кәдеге жарату деп қалдықтарды қайта өңдеуден басқа өзге де мақсаттарда, соның ішінде жылу немесе электр энергиясын алу үшін қайталама энергетикалық ресурс ретінде, отынның түрлі түрлерін өндіру үшін, сондай-ақ құрылыс мақсаттарында, жердегі немесе жер қойнауындағы қазылған кеңістіктерді (бос орындарды) толтыру (салу, толтыру) үшін немесе ландшафттарды құру немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсаттарда пайдалану процесі түсініледі. Қалдықтарды қайта өңдеуден басқа өзге мақсаттарда, соның ішінде қайталама энергетикалық ресурс ретінде пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындар туралы сенімді мәліметтердің, сондай-ақ қалдықтарды отынның түрлі түрлері ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін технологиялар мен нормативтік құқықтық актілердің болмауына байланысты, қалдықтарды кәдеге жаратудың іс жүзінде орындалған көлемі туралы мәліметтерді ұсыну мүмкін емес.

Қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша деректерді мониторингілеу және есепке алу үшін EcoQolday автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – EcoQolday ААЖ) пайдаланылды, оның жұмысы қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға

дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруды қаржыландыру тәртібін реттейтін ҚР ЭТРМ 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының оның банктік шотына өндірушілер мен импорттаушылардан түскен ақшаны төлемдер жасау арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруға бағыттау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – № 332 бұйрық) негізінде 2024 жылғы 5 ақпаннан бастап қайта жанданды.

EcoQolday ААЖ-да 2025 жыл ішінде барлығы 327 есеп (38 жинаушы, 10 қайта өңдеуші, толық циклді 7 кәсіпорын) берілді.

2025 жылы EcoQolday ААЖ арқылы 884,4 млн теңге сомасында төлемдер жүзеге асырылды, оның ішінде қалдықтарды жинаушыларға 759,1 млн теңге (шыны – 8,5 мың тонна, қағаз – 7,9 мың тонна, пластик – 0,1 мың тонна), қалдықтарды қайта өңдеушілерге 87,7 млн теңге (шыны – 8,4 мың тонна, қағаз – 6,5 мың тонна, пластик – 0,1 мың тонна), толық циклге – 37,6 млн теңге (шиналар – 0,7 мың тонна) төленді.

Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану

Кодекстің 392-бабының 2-тармағына сәйкес, меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес, ӨКМ бойынша міндеттемелердің орындалуын растау ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ӨКМ қолданылатын өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды растайтын құжаттарды ұсынады.

Меншікті жүйесі бар өндірушілердің (импорттаушылардың) ӨКМ бойынша міндеттемелерді орындауын растау үшін құжаттарды ұсыну қағидалары ҚР ЭГТРМ 2022 жылғы 9 қарашадағы № 690 бұйрығымен бекітілген. Аталған бұйрық 2023 жылы күшіне енуіне байланысты, 2022 жылы меншікті жүйесі бар өндірушілердің (импорттаушылардың) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және

(немесе) кәдеге жаратуды растайтын құжаттарды ұсынуы жүзеге асырылған жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 11 компаниядан меншікті жүйені қолдану арқылы ӨКМ орындалуын растау үшін құжаттар түсті.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында меншікті жүйені қолдану арқылы ӨКМ орындалуын 10 компанияға растады, 1 компанияға растаған жоқ.

№3 кесте


Меншікті жүйені қолдану арқылы ӨКМ орындалуы бойынша құжаттарды ұсынған заңды тұлғалардың тізімі

	Өтінім берушілер	Қалдықтардың түрлері	Қалдықтарды қайта өңдеу үлесі
	ӨКМ орындалуы расталды		
1	«Тандем - ПВ» ЖШС	АКБ*	166,73%
2	«ПромЗащита» ЖШС	АКБ*	32,07%
3	«SAN TYRES» ЖШС	Шиналар	34,33%
4	«SAN CORPORATION» ЖШС	Шиналар	34,53%
5	«Торговый дом «Кама - Казахстан» ЖШС	Шиналар	30,94%
6	«ШИН LINE» ЖШС	Шиналар	30,35%
7	«VOSTOK MARKET» ЖШС	Шиналар	90,11%
8	«Семипалатинский завод масел» ЖШС	Май	61,12%
9	«ALTRA TYRES» ЖШС	Шиналар	31,21%
10	«Кайнар - АКБ» ЖШС	АКБ*	9%
	ӨКМ орындалуы расталған жоқ		
11	«HILL Corporation» ЖШС	Май	30,4%

**АКБ - Аккумуляторлық батареялар*

№1 диаграмма

Автокомпоненттер қалдықтарын қайта өңдеу серпіні



2016 жылдан 2021 жылға дейін – «ӨКМ операторы» ЖШС деректері
2024 жылдан 2025 жылға дейін – EcoQolday ААЖ және меншікті жүйесі бар өндірушілердің (импорттаушылардың) деректері

Автокомпоненттер секторындағы жалпы оң серпінге қарамастан, 2025 жылы «Май» санатында қайта өңдеу көлемінің төмендеуі тіркелді. Нарықтың ең ірі қатысушыларының бірі – «HILL Corporation» ЖШС қызметінің уақытша тоқтатылуы негізгі факторлардың бірі болды.

Өнімдер және оның қаптамасы тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер

EcoQolday бағдарламасының нәтижесі

№ 332 бұйрық күшіне енгенге дейін ҚР ЭТРМ ӨКМ операторымен бірлесіп қажетті НҚА-ларды әзірлеу және бекіту, сондай-ақ EcoQolday ААЖ-ны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізді.



Жүйені одан әрі дамыту мақсатында 2025 жылғы шілдеде № 332 бұйрыққа кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет ету жағдайларын жақсартуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, қалдықтарды қайта өңдеу кезіндегі шығындар нормативі алынып тасталды, іс жүзінде пайдаланылған шикізат үшін төлем жасау принципі енгізілді, сондай-ақ қоқыс шығарушы ұйымдарды (бұдан әрі – ҚШҰ) (қоқыс сұрыптау ұйымдары мен полигондарды қоспағанда) жіберу есебінен қатысушылар шеңбері кеңейтілді.

2025 жылы EcoQolday ААЖ-ға қатысушыларды тарту және жаңартылған талаптарды түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді, оның ішінде онлайн және офлайн кеңестер, семинарлар мен бизнеспен атаулы жұмыстар атқарылды. Онлайн форматта жүйеде тіркелген компаниялар арасында 6 түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды, сондай-ақ ҚР ЭТРМ бекіткен жоспар-график аясында 2025 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында еліміздің барлық өңірлерінде ҚШҰ (182 қатысушы) өкілдерінің қатысуымен көшпелі кездесулер өткізілді.




2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша EcoQolday ААЖ-да 136 компания тіркелген, оның ішінде 78 компанияның өтінімі мақұлданды, атап айтқанда (осы Есепке № 1 қосымша): жинаушылар – 50, қайта өңдеушілер – 18, толық циклі бар субъектілер – 10.

Аталған шараларды іске асыру 2025 жылы қаптама қалдықтарын жинау және қайта өңдеу деңгейі бойынша стратегиялық көрсеткішке қол жеткізуді қамтамасыз етті. Бұл көрсеткіш 2024 жылы кәдеге жарату төлемдері төленген қаптама массасының көлеміне (104 583,73 тонна) қатысты 42,16%-ды (44 095,5 тонна) құрады.

№2 диаграмма

Қаптама қалдықтарын қайта өңдеу серпіні



2016 жылдан 2021 жылға дейін – «ӨКМ операторы» ЖШС деректері
2024 жылдан 2025 жылға дейін – EcoQolday ААЖ деректері

Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасы өндірісін ынталандыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер

Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, ӨКМ операторы кәдеге жарату төлемі қаражатын экологиялық таза көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ автокомпоненттердің отандық өндірушілеріне бағыттайды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілердің «Кәдеге жарату төлемдерінің түсімін есепке алу» ААЖ (App.recycle.kz) арқылы жіберген өтінімдеріне сәйкес, 6 106 өтінім бойынша 178 229 бірлік көлік құралы мен ауыл шаруашылығы техникасын өндіру үшін 162,277 млрд теңге сомасында қаражат бөлінді.

Көлік құралдарының компоненттерін өндірушілерге 54,5 млн теңге сомасында қаражат бағытталды.

Қалдықтарды жинаудың жаңа технологияларын енгізу және қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану, ҚТҚ мен қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану жөніндегі зауыттарды (өндірістерді) салу туралы мәліметтер

«Север-Комбинат» ЖШС – Орталық Азиядағы алғашқы және өңірдегі Tetra Pak типті көпқабатты қаптамаларды, сондай-ақ қағаз қалдықтарын қайта өңдеуге маманданған ең ірі компания.

Компания Қостанай қаласында қайталама шикізатты терең өңдеуге және қалдықтармен жұмыс істеудің тұйық циклін қалыптастыруға

бағытталған заманауи өндірістік кешен құру бойынша ауқымды экологиялық жобаны іске асыруда.

Кәсіпорынның өндірістік қуаты жыл сайын 15 000 тоннаға дейін макулатураны және 2 500 тоннадан астам пайдаланылған Tetra Pak типті қаптаманы қайта өңдеуге есептелген. Бұл қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына түсетін жүктемені айтарлықтай азайтуға және қайталама ресурстардың едәуір көлемін экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

Жобаның ерекшелігі – көпқабатты қаптаманы бөлу, оның ішінде целлюлоза талшығын бөліп алу және қалдық компоненттерді кейіннен пайдалану бойынша мамандандырылған технологиялық шешімдерді қолдану. Бұл күрделі қалдықтарды қайта өңдеуге кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын шығаратын өнім ішкі нарыққа бағытталған және оған төрт түсті баспасы бар жоғары сапалы бес қабатты гофрленген картон қораптар, әртүрлі мақсаттағы құйылған картон ыдыстар, өнеркәсіптік пайдалануға арналған қағаз төлкелер мен қағаз гигиеналық бұйымдары кіреді. Жобаны іске асыру Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуға, импорттық қаптама өнімдеріне тәуелділікті төмендетуге, сондай-ақ өңірде көпқабатты материалдарды қайта өңдеудің тұрақты инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар жобаның цифрлық (циркулярлық) экономиканы дамыту тұрғысынан стратегиялық маңызы бар, өйткені ол Tetra Pak типті қаптаманың талшықты компоненттерінің 70%-на дейін өндірістік циклге қайтарылуын қамтамасыз етеді және Орталық Азиядағы қалдықтарды қайта өңдеу саласын одан әрі дамытуға алғышарттар жасайды.

Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, ҚТҚ-ны жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер

Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, «Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеуші саладағы жобаларды одан әрі қаржыландыруы үшін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысы негізінде қалдықтарды басқару саласындағы өңдеуші саланы дамытуға және қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілді. Аталған жобаларды қаржыландыру «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) арқылы қарастырылған.

2025 жылы Қоғам Қорға келесі бағыттарды қаржыландыру үшін 90,4 млрд теңге мөлшерінде қаражат ұсынды:

1) 7 жоба аясында өңірлерді қалдықтарды шығару бойынша мамандандырылған техникамен (қоқыс таситын көліктермен) қамтамасыз ету үшін 5,6 млрд теңге.




№4 кесте

Проекты по приобретению техники для вывоза отходов

	Атауы	Өңір	Бірлік
1	«Шебер Спецмаш» ЖШС	Степногорск қ.	1
2	«Ак Тартип» ЖШС	Алматы қ.	50
3	«Clean Village» ЖШС	Шымкент қ.	23
4	«L-Trading» ЖШС	Рудный қ.	5
5	«Спецавтобаза» ЖШС	Атырау қ.	7
6	«Zero Waste Ақтау» ЖШС	Ақтау қ.	25
7	«Орал Таза Сервис» ЖШС	Орал қ.	10
	Барлығы		**121**

2) 15 жоба аясында қалдықтарды қайта өңдеу және сұрыптау зауыттарын салуға 84,8 млрд теңге.




№5 кесте

Қалдықтарды қайта өңдеу және сұрыптау объектілерін салу жөніндегі

	ЖШС атауы	Жоба	Өңір	Қуаттылығы, жылына тонна
1	Еділ и компания	Қайта өңдеу	Рудный қ.	8 300
2	Север-Комбинат	Қайта өңдеу	Қостанай қ.	17 000
3	Нефтестройсервис ЛТД	Қайта өңдеу	Атырау қ.	8 280
4	Kz Recycling	Қайта өңдеу	Алматы қ	150 000
5	Capital Plast KZ	Қайта өңдеу	Ақтөбе қ.	42 000
6	Фибратекс	Қайта өңдеу	Атырау қ.	8 000
7	Пакетная фабрика	Қайта өңдеу	Ақтау қ	2 400
8	Казлеспром LTD	Қайта өңдеу	Семей қ.	2 534
9	QazRoyalPac	Қайта өңдеу	Павлодар қ.	60 000
10	ВостокГофротара	Қайта өңдеу	Семей қ.	15 000
11	Sadyk Bereke	Қайта өңдеу	Түркістан облысы Көктерек кенті	1 000
12	Гофропарк	Қайта өңдеу	Петропавловск қ.	16 000
13	Интер Мульти Сервис	Қайта өңдеу	Алматы қ.	55 099
14	Virida	Сұрыптау	Астана қ.	200 000
15	Ком хоз Жаңақорған	Сұрыптау	Қызылорда облысы Жаңақорған кенті	20 000
	Итого			**605 613**

№1 қосымша

EcoQolday ААЖ-да тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің тізімі

	Атауы	Қызмет түрі	Өңір
1	«Eco Clean KZ» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Астана қ.
2	«AstanaQagazy» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Астана қ.
3	«TM Pack Trade» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Астана қ.
4	ЖК «ReClaim»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Астана қ.
5	ЖК «НУР»	Жинаушы (қағаз)	Астана қ.
6	«АлатауЭкоВтор» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Алматы қ.
7	«ECO RECYCLING SERVICES» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Алматы қ.
8	«КазМакТрейд» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Алматы қ.
9	«Zhetysu Recycling» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Алматы қ.
10	ЖК «Нуржанова Ш.»	Жинаушы (қағаз, шыны)	Алматы қ.
11	ЖК «Вторсырье Алматы»	Жинаушы (қағаз, шыны)	Алматы қ.
12	ЖК «КазМак»	Жинаушы (қағаз)	Алматы қ.
13	ЖК «Сулейменов»	Жинаушы (шыны, пластик)	Шымкент қ.
14	ЖК «ProWaste»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Шымкент қ.
15	«Qurmet Trade» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Шымкент қ.
16	ЖК «SAT KZ»	Жинаушы (шыны)	Шымкент қ.
17	«TD Ameritrade» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Шымкент қ.
18	ЖК «Иванкина А.В.»	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Ақмола облысы
19	«Батыс Кагазы» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Ақтөбе облысы
20	ЖК «Айтенов»	Жинаушы (қағаз)	Ақтөбе облысы
21	ЖК «Косарев В.В.»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Ақтөбе облысы
22	ЖК «Big Deal»	Жинаушы (қағаз, шыны)	Алматы облысы
23	ЖК «Торебеков»	Жинаушы (шыны)	Алматы облысы
24	ЖК «SULTAN»	Жинаушы (шыны)	Алматы облысы

25	«ECOSEN» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Алматы облысы
26	ЖК «EnkoMi»	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Алматы облысы
27	ЖК «DEMETRA.KZ»	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Жамбыл облысы
28	ЖК «ECO OMIR»	Жинаушы (қағаз)	Жамбыл облысы
29	ЖК «Ясар»	Жинаушы (қағаз)	Жамбыл облысы
30	«Жеңімпаз» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Батыс Қазақстан облысы
31	ЖК «Антипин Владимир Иванович»	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Қарағанды облысы
32	«Вторсырье Караганда» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик, шыны)	Қарағанды облысы
33	«RRR «Technology» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Қарағанды облысы
34	«Клининговая компания «ЭкоКомфорт» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик, шыны)	Қарағанды облысы
35	ЖК «РАХИМБАЕВ»	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Қарағанды облысы
36	«PROMPACK» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Қостанай облысы
37	«Goldman Astana» ЖШС	Жинаушы (қағаз, пластик)	Қостанай облысы
38	ЖК «Петренко И.В.»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Қостанай облысы
39	ЖК «Устименко Ярослав Владимирович»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Қостанай облысы
40	«ОТАН - КОСТАНАЙ» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Қостанай облысы
41	«ЭКОқала» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Қызылорда облысы
42	«Eco Waste Aqtau» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Маңғыстау облысы
43	ЖК «Шакиров»	Жинаушы (қағаз)	Маңғыстау облысы
44	«Qaita o'n'dey'» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Маңғыстау облысы
45	ЖК «ALASH»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Маңғыстау облысы
46	ЖК «Ерсалимова»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Абай облысы
47	ЖК «Байпеисов Т.М.»	Жинаушы (қағаз, пластик)	Абай облысы
48	«ЖАР - 2017» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Ұлытау облысы
49	«ТабысСервисҚұрылыс» ЖШС	Жинаушы (қағаз)	Павлодар облысы
50	«Kaz Innovation Group ltd» ЖШС	Жинаушы (қағаз, шыны, пластик)	Түркістан облысы
51	«Марқатай» ЖШС	Қайта өңдеуші (пластик)	Астана қ.
52	«ИНТЕР МУЛЬТИСЕРВИС» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Алматы қ.
53	«ЕвроКристалл» ЖШС	Қайта өңдеуші (шыны)	Шымкент қ.

54	«SHYMKENT QAGAZY» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Шымкент қ.
55	«NUR KAGAZY» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Алматы облысы
56	«Втор Полимер» ЖШС	Қайта өңдеуші (пластик)	Ақмола облысы
57	«LucrumStar» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Ақтөбе облысы
58	«P.T.Z.» ЖШС	Қайта өңдеуші (пластик)	Алматы облысы
59	«Qazaq Glass Company» ЖШС	Қайта өңдеуші (шыны)	Алматы облысы
60	«KZ Recycling» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Алматы облысы
61	«АлматыСтекло» ЖШС	Қайта өңдеуші (шыны)	Алматы облысы
62	«KAZPETF» ЖШС	Қайта өңдеуші (пластик)	Атырау облысы
63	«Нефтестройсервис ЛТД» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Атырау облысы
64	«ЭкоНорма» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз)	Шығыс Қазақстан облысы
65	«Достық и К» ЖШС	Қайта өңдеуші (шыны)	Жамбыл облысы
66	«GREEN PARK KOKSHETAU» ЖШС	Қайта өңдеуші (пластик)	Солтүстік Қазақстан облысы
67	«Радуга» ЖШС	Қайта өңдеуші (қағаз, пластик)	Солтүстік Қазақстан облысы
68	ЖК «Sauran Plast»	Қайта өңдеуші (пластик)	Түркістан облысы
69	«STI Company» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Астана қ.
70	«ЭКО Шина» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Шымкент қ.
71	«ERS Technology» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Ақмола облысы
72	«Qaz Ondiris» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Алматы облысы
73	«Резино - технические Отходы Костанай» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Қостанай облысы
74	«Еділ и компания» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Қостанай облысы
75	«Smart Rubber» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Қызылорда облысы
76	«КазШин ЛТД» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Маңғыстау облысы
77	«Premium Logistic Avtokom» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Маңғыстау облысы
78	«ЭкоГолд» ЖШС	Толық цикл (автокомпоненттер)	Павлодар облысы